

**"Өкілетті шығындарға және "өкілетті шығындар мөлшеріне арналған қаражат есебінен іс-шараларды өткізу" бағдарламасы бойынша қалалық бюджетте қаралған қаражатты пайдалану Қағидасын бекіту туралы"**

Павлодар қаласы әкімиятының 2004 жылғы 19 сәуірдегі N 285/8 қаулысы. Павлодар облысының әділет департаментінде 2004 жылғы 27 мамырда N 2521 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңына сәйкес, "Өкілетті шығындарға арналған қаражат есебінен іс шараларды өткізу" бағдарламасы бойынша қалалық бюджетте қаралған қаражатты пайдалану тәртібін анықтау мақсатында,

П а в л о д а р  
ә к і м д і г і

қ а л а с ы н ы ң  
Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1 . Б е к і т і л с і н :

Қоса беріліп отырған "Өкілетті шығындарға арналған қаражат есебінен іс шараларды өткізу" бағдарламасы бойынша қалалық бюджетте қаралған қаражатты пайдалану қағидасы (бұдан әрі - Қағида);  
Қосымшаға сәйкес өкілетті шығындар мөлшері.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Х.Т. Оспановқа жүктелсін.

*Павлодар қаласының әкімі Б. Демеуов*

П а в л о д а р қ а л а с ы ә к і м д і г і н і ң  
2 0 0 4 ж ы л ғ ы 1 9 с ә у і р д е г і  
" Ө к і л е т т і ш ы ғ ы н д а р ғ а ж әне  
" ө к і л е т т і ш ы ғ ы н д а р м ө л ш е р і н е  
арналған қаражат есебінен  
і с - ш а р а л а р д ы ө т к і з у "  
бағдарламасы бойынша  
қалалық бюджетте қаралған  
қаражатты пайдалану  
Қағидасын бекіту туралы "  
N 2 8 5 / 8 қаулысымен

БЕКІТІЛГЕН

**"Өкілетті шығындарға арналған қаражат есебінен  
іс-шараларды өткізу" бағдарламасы бойынша  
қалалық бюджетте қаралған қаражатты пайдалану  
Қағидасы**

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы қағида "Өкілетті шығындарға арналған қаражаты есебінен іс-шараларды өткізу" бағдарламасы бойынша қалалық бюджетте қаралған қаражатты пайдалану тәртібін анықтайды.

2. Өкілетті шығындарға арналған қаражаты - тиісті қаржылық жылға қалалық бюджетте қаралған және шетел делегациясын қабылдауға, мәжіліс, семинар, салтанатты және ресми іс-шараларды өткізу үшін жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімгерлеріне бөлінген қаражат. Өкілетті шығындарға:

- 1) Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамада қаралған Павлодар қаласы әкімімен шақырылатын адамдардың мейманханаларда тұруы үшін төлемақы және баратын жерлерге көлік шығынына;
- 2) ресми түскі, кешкі тамақтануға, кофе-брейкке, фуршеттерге;
- 3) ресми қабылдау кезінде музыкамен сүйемелдеуге;
- 4) базарлықтар, ескерткіш сыйлықтар сатып алуға;
- 5) көлікпен қызмет көрсетуге;
- 6) аудармашылардың қызмет көрсету төлемақысына;
- 7) залды жалға беруге;
- 8) үй жайларға жабдықтар сатып алуға, ағымдағы жөндеу жүргізуге және басқа шығындарға байланысты жұмсалатын шығындар жатады.

## 2. Өкілетті шығындарға арналған қаражат есебінен іс-шараларды өткізуге бөлінген, қалалық бюджеттің қаражатын пайдалану тәртібі

3. Павлодар қаласы әкімінің іс басқармасы өкілетті шығындарға арналған қаражат есебінен іс-шараларды өткізу үшін тиісті қаржылық жылға қалалық бюджетте қаралған шығындар көлемінен өкілетті шығындар талап ететін, іс-шаралардың жылдық жоспарын (бұдан әрі - Жоспар) жасайды. Жоспардың саяси маңыздылығын ескере отырып, болжамдалмаған іс-шараларды өткізу және бөлінген қаражаттың көлеміне қарай жыл бойы түзетілуі мүмкін.

4. Павлодар қаласы қаржы басқармасы өкілетті шығындарға арналған қаражаты есебінен іс-шараларды өткізуге бөлінген, қалалық бюджетте қаралған бар қаражатты:

- 1) іс-шараларды өткізу қажеттілігіне негіздеу;
- 2) деңгейі және пішімі бойынша делегацияларды қабылдау бағдарламасы;
- 3) іс-шараларға дайындық және өткізу жөніндегі жұмыс жоспары;
- 4) іс-шараларға қатысушылардың нақты санын растайтын құжаттар;
- 5) шығындардың әрбір өзіндік ерекшелігін негіздеумен қаржыландыру жоспары;
- 6) осы Қағиданың 3 тармағына сәйкес, Жоспардағы іс-шаралары тиісті жүзеге асырылады.

5. Осы Қағиданың 2 тармағы 3), 4) тармақшаларымен белгіленген - өкілетті

шығындар бойынша Павлодар қаласы әкімінің іс басқармасы Павлодар қаласы қаржы басқармасына Қазақстан Республикасының белгіленген заңнама тәртібінің сақталуын растайтын, тауар мен қызметтің бағасы, сондай-ақ осы тауарлар мен қызметті ұсынып отырған, мекемелердің деректемелері көрсетілген құжаттарды ұсынады.

6. Жоспардың негізінде Павлодар қаласы қаржы басқармасы осы қаулымен бекітілген, өкілетті шығындар мөлшеріне сәйкес өкілетті шығындар қаражаты есебінен іс-шараларды өткізуге бөлінген қаражатты жүзеге асырады.

### 3. Есеп беру және бақылау

7. Павлодар қаласы қаржы басқармасы өкілетті шығындар қаражаты есебінен іс-шараларды өткізуге бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуына бақылау жүргізеді.

8. Өкілетті шығындар қаражаты есебінен іс-шараларды өткізуге қаражатты алған Павлодар қаласы әкімінің іс басқармасы іс-шараларды өткізгеннен кейін көрсетілген қаражаттың пайдаланылғаны туралы есеп беру, өкілетті шығындар қаражатын алған адамдар сатып алынған тауарлардың, жұмыстың, қызметтің бағасы мен көлемі көрсетілген, тиісті тауарды, жұмысты, қызметті өткізген мекеменің мөрі қойылған, растайтын құжаттарды (түбіртегі, шот-фактура, жүкқұжат) Павлодар қаласының қаржы басқармасына 15 күнтізбелік күн ішінде тапсырады.

9. Өкілетті шығындар қаражатының мақсатты және нәтижелі пайдалану жауапкершілігі жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімгеріне жүктеледі.

Павлодар қаласы әкімдігінің  
2004 жылғы 19 сәуірдегі  
"Өкілетті шығындарға және  
"өкілетті шығындар мөлшеріне  
арналған қаражат есебінен  
іс-шараларды өткізу"  
бағдарламасы бойынша  
қалалық бюджетте қаралған  
қаражатты пайдалану Қағидасын  
бекіту туралы" N 285/8 қаулысына

### ҚОСЫМША

#### Өкілетті шығындар мөлшері

N	Шығындар атауы	Теңгедегі құны
1	Ресми түскі, кешкі тамаққа шыққан шығындар күніне бір адамға арналған есептен делегация үшін жүргізіледі	6500 дейін
2	Келіссөз кезінде буфетте қызмет көрсету, бір адамға арналған мәдени бағдарлама іс шаралары	1040 дейін
3		700 дейін

	Сағаттық делегацияны кірмеген аудармашының еңбекақысын төлеу	төлем мемлекеттік (ілеспе аудармадан	есебінен органның аудармадан	қабылдайтын штатына басқа)	
4	Сағаттық жоспарындағы көлігімен көрсетудің көлік шығынын төлеу	төлем қаралған делегацияларға	есебінен қаралған делегацияларға	қаржыландыру автомобильдер қызмет	1200 дейін

**Е с к е р т у :**

1. Ресми түскі, кешкі тамақ өткізу кезінде қала жағынан қатысушылар саны делегация жағынан қатысушылар санынан аспауы керек.

2. Бес адамнан көп делегация құрамында еріп жүретін адамдар мен аудармашылар, делегацияға қызмет көрсететін (ілеспе аудармадан басқа) бір аудармашы есебіне немесе еріп жүретін адамдар делегацияның бес адамнан тұратын мүшелерінен кем емес болуы қажет.